

Республикалық әскери-сараптамалық журнал

№11 (153)
ҚАРАША 2020 ЖЫЛ



АІВҮН





ҰЛЫ ДАЛА ӘСКЕРІ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ!

АІВҮН

Республикалық әскери-сараптамалық журнал

2020

МАЗМҰНЫ:

ЖИЫН
**ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ
КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА МӘЖІЛІСІ.....4**

«АЙБЫН-2020»
**В СЕРДЦАХ -
ОГОНЬ ПАТРИОТИЗМА.....8**

СҰХБАТ
**ӘСКЕРИ ТЕХНИКА ӘЛЕМДІК
СТАНДАРТТАРҒА САЙ КЕЛЕДІ.....10**

ДАТА
АРТИЛЛЕРИЯ – «БОГ ВОЙНЫ».....14


ЛИЧНОСТЬ
**ЕГО СЛЕД В
ВОЕННОМ ИСКУССТВЕ.....18**

РЕПОРТАЖ
**«АЛТЫН ЖЕБЕ-2020»
КЕШЕНДІ ТЕКСЕРІСІ.....26**

ИНФОГРАФИКА
БЕСПИЛОТНЫЕ ЗАЩИТНИКИ.....30

САРАПТАМАЛЫҚ ШОЛУ
ОТАНДЫ ҚОРҒАУ – ЕР ПАРЫЗЫ.....32

ВОЕННАЯ НАУКА
**К НОВЫМ ЗНАНИЯМ
И КОНКРЕТНЫМ РЕЗУЛЬТАТАМ.....36**



АІВУН

Республикалық әскери-сараптамалық журнал

БАС РЕДАКТОР
Батырхан Қуатбек

БАС РЕДАКТОРДЫҢ
ОРЫНБАСАРЫ
Тимур Аубакиров

КРЕАТИВТІК ДИРЕКТОР
Тимур Кубеков

БӨЛІМ МЕНЕЖЕРУШІСІ
Ерлібай Қадырбай

ДИЗАЙНЕР
Адил Шеримбетов

ТІЛШІЛЕР
Рима Әбеуова
Алия Майсеитова
Меруерт Сафаева
Нариман Дюсенов

ФОТОТІЛШІ
Ағыбай Аяпбергенов

E-MAIL: info@sarbaz.kz

МЕНШІК ИЕСІ:
«Әскери ГАЗ Медиа» ЖШС
Қазақстан Республикасы,
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Есіл ауданы, Комсомол тұрғын алабы,
Домалақ ана көшесі, 11 үй.
Тел. 8 (7172) 48-19-60

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
тапсырысы бойынша
шығарылады

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды
және авторларға қайтарылмайды.

Журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және
даму министрлігінде тіркеліп, 2015 жылғы 30 сәуірде
№5341-Ж куәлігі берілген
Шығуы ай сайын. Бағасы еркін.
Таралымы 1137 дана. Тапсырыс №11





ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА МӘЖІЛІСІ

ОНДА 2020 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ШЫҒАРЫЛДЫ

Қазақстан Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қорғаныс министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісі өтті. Президент жиынға дейін қызмет барысында қаза тапқан әскери қызметшілерге арнап орнатылған «Мәңгі есімізде» монументіне гүл қойып, тағзым етті.

Отырысты ашқан Жоғарғы Бас қолбасшы келер жылы қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толатынын атап өтіп, осы жылдар ішінде бейбіт өміріміздің қорғаны болған ұлттық әскеріміз толық қалыптасқанын, еліміздің армиясы егемендігіміз бен тұтастығымыздың тірегіне айналғанын айтты.

– Мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін арттыру үшін ауқымды жұмыс атқарылды. Бұл – Тұңғыш Президент, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қажырлы еңбегінің арқасы, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс

министрлігінің басшылығын жаһандық масштабта да, жекелеген аймақтарда да күрт өзгеріп жатқан әлемдегі ахуалды жіті бақылап отыруға шақырды. Оның сөзінше, қазіргі қауіпсіздік архитектурасы дағдарысқа ұшыраған.

Мемлекет басшысы ішкі толқулар, төңкерістер елдің тұтастығына сөзсіз әсер етеді деп санайды. Оған Брест бітімінен бастап Қап тауындағы соңғы жағдайларға дейінгі тарихтың жаңа парақтары куә.

– Мұндай жағдайда мемлекеттің егемендігі мен тұтастығының жалғыз кепілі – Қарулы Күштер. Елімізді

сыртқы қауіп-қатерден қорғап тұрған әскери қызметшілерді мемлекет әрдайым қолдайды. Президент және Жоғарғы Бас қолбасшы ретінде қорғаныс саласына ерекше көңіл бөлуді өз жұмысымының басым бағыты ретінде санаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қорғаныс министрлігі соңғы жылдары әскери жоспарлау құжаттарын дайындау бойынша ауқымды жұмыс атқарғанын атап өтті. Бұл армия мен мемлекеттік органдардың сыртқы қауіп-қатерге қарсы мақсатты түрде дайындық жүргізуіне мүмкіндік берген.



Қорғаныс министрлігінде өткен Алқа мәжілісі барысында армия қызметінің мәселелері де талқыланды. Қорғаныс министрі генерал-лейтенант Нұрлан Ермекбаев өз баяндамасында Қарулы Күштердің барлық бағытта дамып келе жатқанын атап өтті. Оның мәлімдеуінше, бәрінен бұрын, мемлекеттің қаржы мүмкіндіктерін ескере отырып, армия құрылымына және жауынгерлік даярлығына қазіргі заманғы қарулы қақтығыстар барысында барынша қажетті және қолданып жүрген компоненттер енгізіледі. Алғаш рет бірыңғай кешенді стратегиялық тапсырмалар форматында оқу-жаттығулар мен жаттықтырулар өткізу енгізілді. Әскерлерді оқыту орын алуы ықтимал төтенше жағдайлар, түрлі тәуекелдер кешені мен ахуалдың күрделенуі аясында өтеді.

Әскерлерде соққы беруді барлау және атыс нұсқасын барлауды қолдану пысықталуда. Осы мақсатта, атап айтсақ, ұшқышсыз ұшу құрылғыларының, артиллерия топтарының, майдан және армия авиацияларының, заманауи радиолокациялық барлау және басқару құралдарының қажетті күштері мен құралдарының өзара іс-әрекеті қалпына келтірілді.

Бастапқы назарда, Арнайы операциялар күштерін дамыту тұр. Қазіргі кезде оларды басқарудың үйлестіру үлгісі бар. Алдағы жылы операциялық модульге өту жоспарлануда, онда олардың құрамында анағұрлым маңызды міндеттерді орындау үшін арнайы бөлімдер мен салалық даярлау орталықтары құрылады. Осылайша, Арнайы операциялар күштерін дамыту кезең-кезеңмен және жоспарлы түрде іске асырылады, сондай-ақ жыл сайын оларды тексеру жүргізіледі.

Қазіргі кездегі қақтығыстарды зерделеу жақыннан ұрыс жүргізу кезіндегі жеке сапаны жетілдіру қажеттігін көрсетті. Осы мақсатта бірінші рет жауынгерлік даярлық бағдарламасына армияның тактикалық атысы енгізілді. Әскери қызметшілер түрлі ахуалдарда, әртүрлі қарудан уақытты шектеу жағдайында атуды үйренуді бастады.

Осымен бір уақыт аралығында армияның қоян-қолтық күресінен сабақтар кеңінен қамтылды. Бұл

қызметке қызығушылықты және өзіне деген сенімділікті арттырады.

Әскерлерге жаңа қару-жарақтар келіп түсуде. Биылғы жылы әскери техниканың 370-тен астам бірлігі сатып алынып, 200-ден астамы күрделі жөндеуден өткізіліп, жаңартылды. Қазіргі заманғы әуе шабуылына қарсы қорғаныс және ұшқышсыз ұшу құрылғылары ерекше назарға алынды.

Қазақстанның Қарулы Күштеріне биыл алғаш рет «Бук» зымыранды-ракеталық кешені келіп түсті. Бұдан өзге, еліміздің әуе кеңістігін бақылауды шағын биіктіктегі нысандарды айқындайтын «Роса» радиолокациялық станциялары мен отандық өнім «Нұр» РЛҚ іске асырады. Әскерлерге сонымен қатар Су-30СМ ұшақтары, Ми-35 тікұшақтары, барлау ұшқышсыз ұшу құрылғылары келіп түсті. Қозғалыстағы нысандарды барлайтын және батареялық күресті бақылайтын «Платформа» радиолокациялық станциясы қару-жарақ құрамын толықтырды.

«Сандық Армия» құруда жеке автоматтандырылған қызметке көшу, ақпараттық жүйелерді, телекоммуникациялық желілерді және мәліметтерді пысықтау орталықтарын одан әрі дамыту өзекті болып отыр.

Қорғаныс министрлігінің ЖОО-лары гранттық және бағдарламалық-мақсаттық қаржыландыру аясында, оның ішінде роботтехникалары мен радиоэлектрондық күрес ауқымындағы ғылыми зерттеулерді орындайды.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөнінде жүйелі шаралар қабылдануда. Әскери полиция бас басқармасының құрылымында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басқарма қалпына келтірілді. Аталған басқарма бұзушылықтардың алғышарттарын талдаумен және оларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеумен айналысады.

Жүйелі шаралар сыбайлас жемқорлықпен құқықбұзушылықтың санын ғана емес, ол үшін сотталғандың да азайуына мүмкіндік берді. Бюджет қаражатын қымқыруға жол берілмеді, ал сыбайлас жемқорлықпен құқықбұзушылықтардың басым көпшілігі тұрмыстық тұлға аралық сипатқа ие. Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға да дәстүрлі әдістермен

қатар, жаңа нысандар және әдістер енгізілуде.

Әскерлерде тыныс-тіршіліктің барлық аспектілерін қамтитын 50-ге жуық оқу модулі әзірленіп, қазіргі кезде қолданысқа енгізілді. Аталған модульдердің басты мәні мен мақсаты – ой-өрісті кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, интеллектуалдық деңгейді арттыру мен патриоттық тәрбие беру.

Әскери қызметшілер жігерлендірудің жаңа форматы – «Әскер тарланы» үздік әскери маман байқауы енгізілді. Жыл сайын танкист, артиллерист, байланысшы, барлаушы және т.б. өз маманының үздіктері анықталып, марапатталады. Әскери-патриоттық тәрбие жетілдірілуде. Ел Президентінің тапсырмасына сәйкес 2019 жылдың қарашасында барлық өңірде төрт жүзге жуық «Smart сарбаз» үйірмесі ашылды, онда 6 мыңнан астам тәрбиеленуші жаңалықтарды меңгеріп, өздерінің техникалық идеяларын іске асырады. Биыл онлайн режимде «Айбын» алтыншы әскери-патриоттық жастар жиыны өтуде.

Қорғаныс министрлігі орын алған экономикалық жағдайды ескере отырып альтернативті қаржыландыру көздерін іздейді, мемлекеттік-жеке серіктестік механизмін жасауда, Қарулы Күштердің құрылымын оңтайландыру есебінен үнемдеуге қол жеткізуде. Қорғаныс министрлігінің бастамасы бойынша ерекше тәртіпті қолдану арқылы Мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру ережесіне толықтырулар енгізілді. Бұл бюджет қаражатынан 9 млрд-тан астам теңгені үнемдеуге мүмкіндік беріп, үнемделген қаражат басым бағыттарға жіберілді.

Президенттің Әкімшілік реформа және жүргізілген функционалдық талдау туралы Жарлығының арқасында бірінші рет әскерлерге тоқсандық сыйақы беру практикасы қолданылды. Сонымен қатар, сыйақының көлемі әр әскери қызметшінің атқарған қызметінің нәтижесіне қатысты сараланады. Ішкі қорлар есебінен, атап айтқанда – әскери жүргізушілер және үлкен жүк көліктерінің жүргізушілері, атыс қарулары мен оқ-дәрілер сақтау және қойма бастықтары анағұрлым тапшы мамандардың, яғни 4 мың әскери қызметшінің тарифтік разряды ұлғайтылды.



Коронавирустық пандемияның орын алуы ықтимал екінші толқынына Қарулы Күштерді дайындауға ерекше назар аударылуда. Бұл ретте армияның төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға қатысу тәжірибесі ескеріледі. Бас әскери-медициналық басқарма Қарулы Күштер құрылымында жеке, дербес орган ретінде шығарылды. Әскери медициналық мекемелердің штатына инфекционист-дәрігерлер, эпидемиологтар, вирусологтар қосымша лауазымдар енгізілген.

Нұр-Сұлтан мен Алматыда бюджет қаражатынсыз екі ПТР-зертхана іске қосылды. ИФТ-диагностиканың екі ұтқыр зертханасын жеткізу жоспарлануда. Осының барлығы вирус жұқтырғандарды есепке алу дәлдігін арттыруға және сапалы вакцинациялау үшін қажет антиденелердің болуына тест жүргізуге мүмкіндік береді. Бұрын мұндай мүмкіндіктер болмаған. Радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс әскерлері департаменті құрылды. Ол РХБ қорғаныс әскерлерін дамыту бағдарламасын әзірлеп, жүзеге асыруды, арнайы бөлімшелерді дайындауды және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді орындайды.

Ағымдағы жылы Президенттің Жарлығына сәйкес төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін алғаш рет әскери міндеттілермен арнайы әскери жиындар өткізілді. Олар тек қана жұмылдыру резервін жаттықтыруға, әкімдіктердің жергілікті әскери басқару органдарымен нақты өзара іс-қимылын ұйымдастыруға ғана емес, сондай-ақ жастардың патриоттық деңгейін және әскери борышын орындауға дайындығын бағалауға мүмкіндік берді.

Мемлекет басшысының 16 қарашада ведомствоаралық комиссияда берген тапсырмаларын орындау үшін Қарулы Күштерді жедел өрістетуге дайындық бойынша іс-шаралар жүргізілді. Таразда далалық госпиталь, Ақтөбеде медициналық кешен, әскери лазареттерде екі мобильді бөлімше және 23 дәрігерлік-мейіргерлік бригада құрылды. Бұл бөлімшелер халыққа көмек көрсету үшін елдің кез келген өңіріне жедел баруға дайын.

Жалпы, алқа отырысында Қарулы Күштер пандемияға байланысты шектеулерге қарамастан, 2020 жылдың негізгі шараларын орындады және де елдің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғау үшін қажетті

жауынгерлік дайындық деңгейін сақтап отырғаны атап өтілді.

Алқа мәжілісінде Президент осыған дейін қол жеткен жетістіктерді сақтау үшін Қарулы Күштердің қызметіндегі бірқатар басымдыққа көңіл бөлу қажет екендігін айтты. Атап айтқанда, әскердегі моральдық-психологиялық ахуалды және сарбаздардың жауынгерлік рухын көтеру аса маңызды.

– Қорғаныс министрлігіне мүдделі органдармен бірлесіп, 2021 жылғы 1 қарашаға дейін Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардағы идеологиялық жұмыстардың тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар ол әскерилерді әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан қорғау мәселесіне тоқталды. Президент келесі жылдан бастап күштік құрылымдарға арналған азық-түлікке бөлінетін қаржы көлемі артатынын, алдағы 3 жыл ішінде әскери қызметшілерге берілетін қаржылай төлемді орташа есеппен 30 пайызға көбейту туралы шешім қабылданғанын хабарлады.

Жоғарғы Бас қолбасшы армияның әскери машығын ұдайы шыңдап



отыру керек екенін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев биыл өткен әскери жаттығуларда қазақстандық әскерилер жоғары дайындығын көрсетіп, бітімгерлік миссияларға қатысуға әзір екенін атап өтті. Осыған орай Қорғаныс министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп 2021 жылдың 1 тамызына дейін Қазақстан Қарулы Күштерінің БҰҰ бітімгерлік операцияларына қатысуын кеңейту жөніндегі Жол картасын әзірлеуді міндеттеді.

Мемлекет басшысы өзінің тапсырмасы бойынша Бейрут портындағы жарылыстың салдарын жою кезінде Ливан халқына көрсеткен көмектері үшін Қарулы Күштердің әскери дәрігерлеріне ризашылығын білдірді. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев коронавируспен күрес кезінде өздеріне жүктелген жауапты міндетті абыроймен атқарған барлық әскери қызметшілерге алғыс айтты.

Президент қазақстандық армияны

ең озық цифрлық технологиялармен және құралдармен жабдықтаудың маңызды екенін ескертті. Бұл мәселені шешу үшін Мемлекет басшысы Қорғаныс министрінің цифрландыру жөніндегі орынбасары қызметін енгізу туралы шешім қабылдады. Бұдан бөлек Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылдың 1 қарашасына дейін Әскери бағыттағы біртұтас ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторын құруды тапсырды.

Мемлекет басшысы әскери құрылымдарды қазіргі сын-қатерлерді ескере отырып заманауи қару-жарақпен қамтамасыз етудің бірқатар басымдығын атады. Президент әуе қорғанысын күшейту, әскер түрлері мен тектерінің радиоэлектронды күрес элементтерін дамыту, әскердің жедел әрекет ету әлеуетін көтеру мақсатында әскери-транспорттық авиация паркін арттыру бағыттарына басымдық берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев армия мемлекетіміздің тірегі, егемендіктің кепілі екенін және әрбір қазақстандық сарбаз бен сардар қастерлі Тәуелсіздігімізді күзетіп тұрғанын ұдайы есінде ұстауға тиіс екенін айтты.

Алқа мәжілісінде Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаев Президентке Қарулы Күштерді дамытудың қорытындылары, сондай-ақ, министрліктің стратегиялық бағыты жөнінде есеп берді.

Сонымен қатар «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерінің танк бригадасының командирі Табылды Исалиев пен «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскері 66597 әскери бөлімінің взвод сержанты Азат Шайхы баяндама жасады.

Жиыннан кейін Президент елдің Қарулы Күштерінің құрамындағы радиоэлектронды күрес жүргізуге арналған заманауи жоғары технологиялық құрал-жабдықтардың үлгілерімен танысты.



В СЕРДЦАХ - ОГОНЬ ПАТРИОТИЗМА

В Нур-Султане в преддверии Дня Первого Президента состоялась торжественная церемония закрытия VI Республиканского военно-патриотического сбора молодежи «Айбын-2020»

В течение двух месяцев юные патриоты продемонстрировали свои навыки, умения, таланты в интеллектуальной игре «Айбын дарыны», творческом состязании «Айбын жұлдызы», изобретательном конкурсе по робототехнике «Смарт сарбаз-2020», соревновании по военно-прикладным видам спорта, конкурсе по оказанию первой медицинской помощи «Саламатты Жас Сарбаз». В онлайн-формате соревновались 39 команд. Общее количество участников составило 585 человек.

В конкурсе челленджей «Біз біргеміз» команды-участницы сбора сняли видео, в которых призывали к укреплению единства, сплочению подрастающего поколения, формированию любви к добрым делам и популяризации главных ценностей Года волонтера «Біз біргеміз». Ребята помогали пожилым людям, проводили уборку территорий от мусора и совершали другие добрые и полезные дела.

Церемония из Национального военно-патриотического центра по видеосвязи транслировалась во всех регионах Казахстана, благодаря чему участники сбора могли наблюдать за ней в прямом эфире.

В мероприятии приняли участие министр обороны генерал-лейтенант Нурлан Ермекебаев, министр информации и общественного развития Аида Балаева, вице-министр образования и науки Шолпан Каринова, капитаны лучших команд, победители сбора в индивидуальном зачете и в номинации «Үздік Жас сарбаз».

- Я поздравляю победителей. Благодарю всех за участие и стремление быть лучшими. Вы все соприкоснулись с военным делом, узнали об армии и об истории Вооруженных Сил, продемонстрировали свои достижения, знания и умения, обрели новых друзей, ис-



пытывали себя на прочность, – отметил генерал-лейтенант Нурлан Ермекебаев.

Среди команд военно-патриотических клубов областей, городов Нур-Султана, Алматы и Шымкента места распределились следующим образом: 1-е место - военно-патриотический клуб «Жас қыран» Восточно-Казахстанской области, 2-е место – ВПК «Барыс» Туркестанской области, 3-е место – ВПК «Жетісу тарландары» Алматинской области.

Среди команд военно-патриотических клубов Вооруженных Сил Республики Казахстан, других войск и воинских формирований 1-е место занял военно-патриотический клуб «Сағадат» Управления начальника тыла и вооружения ВС РК, 2-е место – клуб «Батыс» Регионального командования «Запад» и 3-е место – клуб «Патриот» Регионального ко-

мандования «Юг».

Среди команд республиканских школ «Жас улан» 1-го места удостоена республиканская школа «Жас улан» г. Нур-Султан, 2-е место – школа «Жас улан» г. Алматы, 3-е место – республиканская школа «Жас улан» г. Шымкента.

Определены имена победителей сбора молодежи «Айбын-2020» и в индивидуальном порядке. 1-е место в этой категории занял ученик Кобдинской школы-гимназии Актобинской области Адлет Накеш, 2-е место - ученица этой же школы Аружан Каракулова и ученик общеобразовательной школы №77 г. Караганды Руслан Атантаев. 3-е место между собой поделили ученица Назарбаев интеллектуальной школы Семей Галина Коптелова и ученик общеобразовательной школы №77



г. Караганды Эльдар Байдильдин.


Победители были награждены кубками, медалями, дипломами и ценными подарками. Каждый конкурсант получил сертификат об участии в сборе.

По словам ребят, на сборе они не только показали все, что умеют, но и получили новые знания, навыки, нашли друзей, им запомнились полезные и интересные встречи с военными людьми и спортсменами.

- Ежегодный сбор – это для нас новый опыт, новые друзья, новые впечатления. Несмотря на дистанционный формат, конкурс был очень интересным и захватывающим. Он зажигает в наших сердцах огонь патриотизма. Мы очень рады, что имеем возможность участвовать в этом масштабном мероприятии, которое ежегодно проходит на самом высоком уровне, – поделилась своим впечатлением капитан команды «Жас қыран» из Восточно-Казахстанской области Ажар Икласова.

Во время всего сбора рядом с юными патриотами были их наставники и родители, которые поддерживали во всем. Теперь девчонки и мальчишки планируют поэтапно готовиться к следующему сбору, чтобы быть в числе победителей «Айбына».

Стоит отметить, что проведение в онлайн-формате дало сбору еще большую популярность, чем в прошлые годы. Не только организаторы были постоянно активны онлайн, но и сами участники делились ходом сбора в социальных сетях, записывали видео в TikTok, устраивали онлайн-эстафеты, тем самым «продвигая» идеи военно-патриотического воспитания в среде своих сверстников.



Ел тыныштығын әуеде қорғау, қырағы күзету – ҚР Қарулы Күштеріне қарасты Әуе қорғанысы күштерінің қызметі. Авиация – әуедегі қарсыластың соққыларынан маңызды бағыттарды, аудандарды және объектілерді қалқалауға арналған Әуе қорғанысы күштерінің негізгі маневрлік әскер түрі. Әскери қорғаныс саласы көз ілеспес жылдамдықпен қарыштап дамыған заманда біздің еліміздің Әуе қорғанысы күштерінің әлеуеті қандай? Осы секілді сұрақтар төңірегінде ҚР ҚК Әуе қорғанысы күштерінің Бас қолбасшысы авиация генерал-лейтенанты Нұрлан Секенұлы Орманбетовтан сұхбат алған едік.



ҚР ҚК ӘУЕ ҚОРҒАНЫСЫ КҮШТЕРІНІҢ БАС
ҚОЛБАСШЫСЫ АВИАЦИЯ ГЕНЕРАЛ-ЛЕЙТЕНАНТЫ
НҰРЛАН ОРМАНБЕТОВ:

ӘСКЕРИ ТЕХНИКА ӘЛЕМДІК СТАНДАРТТАРҒА САЙ КЕЛЕДІ

– Нұрлан Секенұлы, алғашқы сауалымызды Әуе қорғанысы күштерінің алдында қандай міндеттер тұр деген сұрақтан бастасақ...

– Әуе қорғанысы күштері – ҚР Президентінің 1998 жылғы 1 маусымдағы Жарлығымен құрылған ҚР Қарулы Күштерінің бір түрі. Олардың міндетіне елдің әуе шептерін қорғауды қамтамасыз ету, мемлекеттік, әкімшілік және әскери объектілерді әуе шабуылына қарсы қорғау, ҚР ҚК басқа да түрлері мен тектерін авиациялық қолдау бойынша жауынгерлік міндеттерді орындау кіреді. Әуе қорғанысы күштерінің құрамына Қарулы Күштердің екі түрі – Әскери-әуе күштері, Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері және қамтамасыз ету бөлімдері жатады.

Әуе қорғанысы күштерінің құрылуы мемлекетіміздің және Қарулы Күштердің қалыптасу кезеңімен тұспа-тұс келді. Осы кезеңде Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында Қарулы Күштердің жауынгерлік әлеуетін

сақтап, Әуе қорғанысы күштерін құруға мүмкіндік туды.

Әлемдік үрдістерді ескере отырып, қарулы күрестің негізгі басымдығын әуе саласына көшіру жөнінде шешім қабылданды. Өйткені, Әуе шабуылы құрылғылары ең үлкен қауіп төндіре бастады. Олар үшін қазір ұшу қашықтығы бойынша да, соққы беру объектілері бойынша да, қуаты жағынан да ешқандай шектеулер жоқ. Мұндай қауіпке тек авиация мен Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің бірлескен күшімен ғана тиімді қарсы тұруға болады.

Әуе қорғанысы күштерін құру жауынгерлік әзірлік мәселелерінде, бірінші кезекте оның техникалық құрамдасында, сондай-ақ жауынгерлік даярлық мәселелерінде алға қадам жасауға мүмкіндік берді.

– **Өзіңіз айтып өткендей, әлемдік үрдіс біздің Әуе қорғанысы саласына үлкен бетбұрыс жасауымызға әкеліп отыр. Жалпы, ӘҚК – ең мобильді және техникалық жарақталған әскер**

түрлерінің бірі. Бұл тұрғыда біздің әуе қорғанысы күштерінің әлеуеті қандай?

– Иә, бүгінгі таңда Әуе қорғанысы күштері – жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізудің қазіргі талаптарына жауап беретін қару-жарақ пен техниканың қазіргі заманғы үлгілерімен жасақталған ҚР Қарулы Күштерінің жоғары технологиялық түрі.

Авиациялық парк жыл сайын жаңа авиациялық техникамен толықтырылып отырады. ҚР Қарулы Күштерінің тарихында алғаш рет 2015 жылы Су-30СМ ең заманауи жауынгерлік ұшақтар сатып алынды.

2016 жылы біз жаңа Ми-171Ш көлік-жауынгерлік тікұшақтарын, Ми-35М жауынгерлік тікұшақтарын алдық. Бұған дейін біздің базамыз AirbusMilitary концернінің С-295 әскери-көліктік ұшақтарымен толыққан болатын. Біздің ӘӘК-нің барлық дерлік авиациялық техникасы жөнделді және жаңартылды.

Бұдан басқа, Әскери-әуе күштерінің қарулануында Су-27 көпмақсатты



жойғыш ұшақтары, L-39 оқу-жауынгерлік ұшақтары, Ан-26 әскери-көліктік ұшақтары, Ми-8, Ми-17, ЕС-145 Еврокоптер және УН1-И "Хьюи" тікұшақтары, сондай-ақ WinLong және SkyLark соқпалы ұшақтары бар.

Бұл әдіс-тапсырмаларды базадан едәуір қашықтықта, күндіз-түні, қарапайым және күрделі метеожағдайда орындай алады.

Сондай-ақ, ағымдағы жылдың соңына дейін ӘӘК үшін жаңа Су-30СМ жойғыштарын, ал Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері үшін заманауи зениттік-зымыран кешендерін жеткізуді күтіп отырмыз.

Бүгінгі таңда Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері қазіргі заманғы ұшақтар мен қанатты зымырандарды барлық қолданылатын биіктік пен жылдамдық диапазонында жоюға қабілетті әртүрлі модификациядағы С-200, С-300РС, С-75, С-125М-К зениттік зымыран кешендерімен жабдықталған.

2014 жылдан бастап "Нұр" РЛС (GM 403) үшқординатты радиолокациялық станциясын әскери пайдалану басталды. Бұл қазақстандық-француздық РЛС фазалық антенналық торы бар және радиоэлектрондық әсер ету жағдайында тиімді жұмыс істеуге қабілетті заманауи элементтік базада жобаланған.

2019 жылы Беларусь Республикасы өндірісінің тағы бір жаңа "Роса-РБ" радиолокациялық кешені қабылданды, бұл сізге аз өлшемді, төмен биіктікті және аз жылдамдықты әуе объектілерін анықтауға және сүйемелдеуге мүмкіндік береді. Яғни, ҚР ҚК ӘҚК жарақтандыруындағы барлық әскери техника әлемдік стандарттарға сай келеді деп айтуға болады.

2020 жылдың басында "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Әуе қорғанысы күштерін



автоматтандырылған басқару жүйесі енгізілді және іске қосылды. Ол Қазақстанның әуе шептерінің қорғауындағы бөлімшелердің болжамды қарсыластың әуе мақсаттарын анықтау, сәйкестендіру, сүйемелдеу және басып алу, ал қажет болған жағдайда жою бойынша мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді.

Осылайша, біз Қазақстан Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы мамырда Қорғаныс министрлігі алқасының кеңейтілген отырысы барысында қойған міндеттері іс жүзінде қалай жүзеге асырылып жатқанын көріп отырмыз.

«Бірінші кезекте қару-жарақты технологиялық жетілдіру және жаңғырту есебінен жауынгерлік әлеуетті одан әрі нығайтуды қамтамасыз ету қажет. Кешенді қайта жарақтандыру аясында армия қару-жарақ пен техниканың заманауи үлгілерімен қамтамасыз етіледі», - деген болатын Мемлекет басшысы.

Авиациялық паркті жаңарту

нәтижесі кез келген стратегиялық бағытқа әскерлерді, қару-жарақ пен әскери техниканы жіберуді орындауға қабілетті қазіргі заманғы авиацияның аэрокөліктік мүмкіндіктерін жасау болып табылады.

– Біз Әуе қорғанысы күштері туралы жалпылама жиі айтамыз да, бірақ оның Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері, арнайы зениттік-зымыран бөлімдері туралы әңгіме қозғай бермейміз. Осы жайында кеңірек тоқтасаңыз.

– 1992 жылғы 19 маусымда Қорғаныс министрінің Директивасы негізінде Қазақстанда Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері құрылды. ӘШҚҚ әскерлері міне 28 жыл егемен Қазақстанның әуе кеңістігін әкімшілік аудандарға, аса маңызды мемлекеттік, өнеркәсіптік және әскери объектілерге, әскерлер орналасқан аудандарға әуе соққылары шабуылынан қорғап келеді.

ӘШҚҚ әскерлері – бейбіт уақытта да, соғыс уақытында да әуе шекараларын күзету жөніндегі міндеттерді орындайтын ҚР ҚК Әуе қорғанысы күштері әскерлерінің бірі. Әскери қызметшілер әрдайым күзетте және кез келген уақытта қанатты зымырандар немесе ұшу аппараттары болсын, әуе соққысын тойтаруға дайын. Қазіргі уақытта жаңғыртудан өткен және әртүрлі жағдайлар мен ортада кез келген биіктік пен шептерде әуе шабуылы құралдарының соққыларын тойтаруға қабілетті, әртүрлі әрекет ету радиусындағы қазіргі заманғы зениттік-зымыран кешендері қарулануда.

33К құрамына бірнеше үлкен машиналар кіреді, ал арнайы радиолокациялық





станциялар мен түрлі антенналар аспанды шарлауға көмектеседі. Әуе кеңістігін командалық пунктте мұқият қадағалайды. Қауіп туындаған жағдайда тиісті сигнал беріледі, зымырандар орналастырылып, жауынгерлік жағдайға келтіріледі.

Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің қару-жарағында өте күрделі радиоэлектронды техника бар, ол тиісті қатынасты және үнемі техникалық қызмет көрсетуді қажет етеді. Осыған байланысты ӘШҚҚ әскерлерінде ақпараттық технологиялар саласында математикалық қабілеттері мен білімі бар инженерлер, байланысшылар, техниктер қызмет атқарады, өйткені нысанаға дейін есептеулер жүргізу, тиісті шешім қабылдау және зымыранды ұшыруды жүзеге асыру үшін аз ғана уақыт бөлінеді.

ӘШҚҚ әскерлері ҚР Қарулы Күштері әскерлерінің басқа тектері мен түрлеріне қарағанда тұрақты әзірлікте болады және Қазақстанның әуе шептерін күзету бойынша кезекшілік атқарады. Әскери бөлімдерде офицерлер де, сержанттар мен қатардағы құрам лауазымдарындағы келісімшарт бойынша әскери қызметшілер де, сондай-ақ Қазақстанның түрлі облыстарынан шақырылған мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілері де қызмет өткереді.

Бақытымызға орай, еліміздің бүкіл тарихында Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері нақты, белгілі бір жағдайда зымырандарды ұшыруға мәжбүр болмады. Бұл тек "Сарышаған"

арнайы полигонында жаттығулар кезінде немесе ТМД ӘШҚҚ біріккен жүйесінің аясында өткізілетін басқа да халықаралық жаттығуларға қатысу кезінде жасалады.

ӘШҚҚ әскерлеріндегі қызмет жинақылыққа, өз-өзіне сенімділікке міндеттейді, тез дұрыс шешім қабылдау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Жақын арада ӘШҚҚ әскерлері үшін БУК, ТОР және "Панцирь" жаңа заманауи зениттік зымыран кешендерін сатып алу жоспарлануда.

Біздің әскерлеріміз үнемі жетілдірілуде, жаңғыртылуда. Мемлекетіміздің қорғаныс қабілеті саласындағы әлемдік тәжірибе зерттелуде. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы өзінің алғашқы Жолдауында әскери қызметтің беделі, кәсіби кадрлармен жасақталуы және материалдық жабдықтау мәселелерін қозғағаны – біз үшін үлкен қуаныш.

– Әскери ұшқыш болу – көптің арманы. Бірақ әртүрлі күрделі ауа райында өздерінің кәсіби біліктілігін көрсететін ұшқыш болу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Әскери ұшқыштарымыздың жауынгерлік даярлығында теория практикамен қаншалықты ұштасқан?

– Жалпы, соңғы жылдары Қарулы Күштерде жауынгерлік даярлықтың, оның ішінде оның құрамдас бөлігі – ұшу даярлығының қарқындылығы өсті. Авиация орындайтын міндеттердің күрделілігі мен саны бірнеше есе артты. Ұшу құрамын оқытуға оларды Әуе қорғанысы күштерінің Әскери ин-

ститутында оқытудан бастап запасқа шығарылғанға дейін көп көңіл бөлінеді. Оқыту теория мен практиканы зерттеумен бірнеше кезеңде жүргізіледі.

Мысалы курсанттарды сапалы практикалық оқыту үшін Әуе қорғанысы күштері Әскери институтының авиациялық паркіне тікұшақтар мен ұшақтар берілді, онда курсанттар екінші курстан бастап ұшады. Курсанттың шығарылуы кезінде орта есеппен алғанда, ол шамамен ұшудың 90 сағатын орындайды.

Әуе қорғанысы күштері Әскери институтының офицер-түлектері мемлекеттік ведомстволарда кеңінен сұранысқа ие және Қазақстан ҚК қатарында, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара әскерлерінің авиациялық бөлімдерінде, ИМ арнайы бөлімшелерінде әскери қызметін өтейді.

Әскери тағылымдама Жетіген кентінде орналасқан оқу орталығында өткізіледі. Мұнда авиацияның барлық түрлеріне ұшқыштар дайындалуда. Басталғанға дейін курсанттар Л-39 ұшағының теориялық және материалдық бөлігін игереді, ол курсанттарды және ұшу құрамын әуе нысандарын ұстап қалумен, күндіз-түні қарапайым және күрделі метеожағдайларда ұшу техникасымен байланысты жауынгерлік қолдану элементтеріне оқытуға арналған. Сонымен қатар, болашақ ұшқыштар жерүсті дайындық курсы бойынша сынақтар тапсырады, содан кейін ғана шығару бағдарламасына кіріседі. Бұл – курсанттарға ұшу техникасының қырсырын үйрететін тағылымдаманың негізгі кезеңі. Жаттығулар қиын емес. Негізгі және ең қажеттісі – ұшуды, шеңберде ұшуды және қауіпсіз қонуды үйрену. Шын мәнінде, бұл қарапайым жаттығулар – жалпы авиацияны игерудің алғашқы қадамы.

Келесі кезең – дербес ұшуға рұқсат алу, қарапайым және күрделі пилотаж, бағыт бойынша бұлттарда, төмен биіктікте ұшу, жерүсті және әуе нысандары бойынша жауынгерлік қолдану.

Күрделі метеожағдайларда және тәуліктің қараңғы уақытында көкке көтерілу ұшу экипаждарын даярлау бағдарламасының аса маңызды элементі болып табылады. Күрделі метеорологиялық жағдайларда ұшудың негізгі қиындығы ұшу техникасы емес, кеңістіктік бағдарлау екені белгілі.



Егер ұшқыш күрделі метеорологиялық жағдайларда ұшуда оның ұшағымен не болып жатқанын түсінсе, яғни егер ол ұшақтың кеңістіктегі орнын дұрыс бағдарласа, онда ол әрқашан ұшақты кез келген жағдайдан ұшудың берілген режиміне шығара алады. Өйткені, қиын метеорологиялық жағдайда ұшуға жеткілікті жақсы ұшу техникасы бар ұшқыштар жіберіледі. Заманауи авиациялық техника күрделі метеорологиялық жағдайларда ұшуға мүмкіндік беретін арнайы радиоэлектрондық құрал-жабдықпен жабдықталған. Тәуліктің қараңғы уақытында ұшулар түнгі көрудің арнайы көзілдіріктерін пайдалана отырып жүргізіледі, олар толық қараңғылықта 2 км дейінгі қашықтықта әуе және жерүсті объектілерін көруге мүмкіндік береді.

– Әлемді жайлаған жаһандық пандемия біздің қоғамның да барлық салаларына әсер етті. Коронавирус пен күреске біздің әскерлеріміз де жұмылдырылды. Пандемия бізге нені үйретті?

– ТЖ режимі кезеңінде және қазіргі уақытта әскери-көлік, армиялық және майдандық авиацияның дайындалған ұшу, инженерлік-техникалық құрамдары бар Қазақстан ӘӘК авиациялық базалары тұрақты жауынгерлік әзірлікте тұр. Әскери ұшқыштар қызмет атқарудың күшейтілген режиміне көшірілді және бірінші команда бойынша қойылған міндеттерді орындауға кірісуге дайын. Пандемия жағдайында күндіз-түні қарапайым және күрделі метеорологиялық жағдайларда жолаушыларды, жүктерді тасымалдауға тиісті рұқсаты бар ұшу экипаждарының тәулік бойы кезекшілігі ұйымдастырылды.

Төтенше жағдай кезінде әскери-көлік авиациясының экипаждары өздерінің жауынгерлік әзірлігін көрсетті. Мысалы, С-295 ұшақтарында дезинфекция, блокпостардағы кезекшілік, елді мекендерді патрульдеу міндеттерін орындау үшін Луговой және Жетіген гарнизондарынан Орал, Қостанай және Петропавл қалаларына Құрлық әскерлерінің жеке құрамы мен арнайы жүктерді тасымалдау жүзеге асырылды.

Бұдан басқа, әскери-көлік авиациясының күшімен бірқатар елдерден, соның ішінде Сауд Арабиясы, Кувейт, Кипр, Ресей, Беларусь Республикасы және басқа елдерден біздің отандастарымыз, оның ішінде шетелде емделіп жатқан балалар қауіпсіз эвакуацияланды. Сондай-ақ, отандық дәрігерлерге көмек көрсету үшін Қорғаныс министрі генерал-лейтенант Нұрлан Байұзақұлы Ермекбаевтың шешімімен Қытайдан дәрігерлер мен гуманитарлық жүктерді жеткізу үшін арнайы авиациялық рейстер ұйымдастырылды.

Кенеттен туындаған міндеттерді орындауға дайындықты қолдау, сондай-ақ ұшу шеберлігінің деңгейін арттыру үшін тіпті төтенше жағдай кезінде де оқу-жаттығу ұшулары тоқтаған жоқ.

Жауынгерлік дайындықтан басқа әскери ұшқыштармен авиамамандардың денсаулық жағдайы бақылауда тұр.

Әскери дәрігерлер мен биологиялық қорғау бөлімшелері авиациялық техниканың, казармалық үй-жайлардың, оқу сыныптарының арнайы ерітінділерімен күнделікті санитариялық және дезинфекциялық өңдеуін жүзеге асырады.

Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері де күшейтілген қызмет режиміне ауыстырылды. Әуе қорғанысы

күштерінің барлық әскери бөлімдері мен бөлімшелері Президент Жарлығымен ел аумағында енгізілген төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға қатысты.

Республика аумағында ТЖ режимі енгізілгеннен кейін ҚР ҚК ӘҚК әскери бөлімдерінде жеке қорғаныс құралдарымен, термометрикалық аспаптармен жарақтандырылған қосымша медициналық бекеттер ашылды, ал кезекшілікті әскери дәрігерлер атқарады.

ҚР ҚК ӘҚК әскери бөлімдері мен бөлімшелерінің барлығы дерлік жауынгерлік әзірліктің бөліктері болып табылады, сондықтан оларға екі еселенген жүктеме түсті. Кезекшілік атқарудан басқа, жеке құрам патрульдеуге тартылды, көптеген әскери қызметшілер блок-бекеттерде карантиндік іс-шараларды ұйымдастыру және жабық әскери қалашықтар мен елді мекендерде жүргізілген дезинфекциялық өңдеу жөніндегі жиынтық жасақтардың құрамына кірді.

ӘҚК жеке құрамы біздің мемлекетімізде, Қарулы Күштерде өткізілетін іс-шараларға түсіністікпен қарайды және қойылған міндеттерді жоғары сапалы орындауға дайын.

"COVID-19" таралуына қарсы күресу үшін елдің барлық өңірлерінде ӘҚК-ден шамамен 1000 әскери қызметші АҚС (авто құю станциясы) дезинфекциялау жұмыстарын жүргізуге арналған бірнеше ондаған арнайы техника, газсыздандыру жиынтықтары, арнайы сұйықтықтар және т.б. тартылды.

– Тұшымды жауаптарыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Меруерт САФАЕВА



Ракетные войска и артиллерия были и остаются основным средством огневого поражения противника в ходе ведения операций (боевых действий) общевойсковыми объединениями Сухопутных войск. Значение ракетных войск и артиллерии в современных условиях трудно переоценить. Обладая высокой маневренностью, огневой мощью и оперативностью, артиллерия зарекомендовала себя как незаменимая составляющая боевых действий

АРТИЛЛЕРИЯ – «БОГ ВОЙНЫ»

Ракетные войска и артиллерия считаются главной огневой мощью Сухопутных войск. В составе РВиА – соединения тактических ракет, части гаубичной, пушечной, реактивной и противотанковой артиллерии, артиллерийская разведка, минометные и противотанковые подразделения.

- С помощью артиллерийских орудий и ракет мы поражаем объекты противника. Действия наших войск отличаются маневренностью, точностью ударов и оперативностью их нанесения. Снег, мороз и непогода никак не отражаются на боеспособности и боеготовности войск. Наши войска способны быстро среагировать на изменение обстановки. Артиллерию не случайно называют Богом войны. От наших войск во многом зависит исход боя, - говорит командующий Ракетными войсками и

артиллерией СВ ВС РК генерал-майор Аскар Жоламанов.

Вехи истории

С начала образования Вооруженных Сил Республики Казахстан Ракетные войска и артиллерия входили в состав Специальных войск Министерства обороны Республики Казахстан.

Руководство родом войск осуществлялось Управлением ракетных войск и артиллерии МО РК, которое впоследствии вошло в состав Департамента специальных войск Министерства обороны РК. Возглавлял управление заместитель начальника Департамента специальных войск – начальник ракетных войск и артиллерии МО РК.

В 1998 году были созданы Силы общего назначения, и в их составе было организовано Управление ракетных

войск и артиллерии. 6 июля 2000 года Указом Президента РК «О структуре Вооруженных Сил Республики Казахстан» были внесены изменения в структуру казахстанской армии – в составе Сил общего назначения были выделены рода войск – Ракетные войска и артиллерия и Войска противовоздушной обороны

Управление командующего РВиА ВС РК как самостоятельный род войск было сформировано в соответствии с Директивой Министра обороны РК от 04 октября 2001 года.

За годы существования был проведен ряд изменений. Так, в соответствии с Директивой МО РК от 4 сентября 2001 года Управление командующего Ракетными войсками и артиллерией Вооруженных Сил Республики Казахстан было переименовано в Управление Ракетных войск и артиллерии ВС РК.





10 октября 2002 года УК РВиА ВС РК реформировано в Главное управление РВиА СВ ВС РК. 22 января 2003 года Главное управление РВиА СВ ВС РК реформировано в Главное управление РВиА ВС РК.

6 октября 2003 года Главное управление РВиА ВС РК реформировано в Управление командующего РВиА ВС РК. Во исполнение постановления Правительства РК от 20 апреля 2009 года Управление командующего Ракетными войсками и артиллерией вошло в боевой состав Сухопутных войск Вооруженных Сил Республики Казахстан.

Что касается подготовки кадров, то с 1993 года на базе Алматинского Высшего командного училища начата подготовка курсантов по артиллерийским специальностям. В 2014 году в Национальном университете обороны открыта кафедра Ракетных войск и артиллерии. Стоит отметить, что кадровых офицеров этого профиля готовят в Михайловской военной артиллерийской академии г. Санкт-Петербурга. Ежегодно РВиА пополняют выпускники военных кафедр Карагандинского и Алматинского политехнических университетов, имеющих опыт подготовки офицеров-артиллеристов.

Героические традиции старших поколений сегодня продолжает современное поколение воинов ракетчиков и артиллеристов. Ракетные войска и артиллерия достойно выполняют воинский долг, осваивают новейшее вооружение и технику, повышают боевое



мастерство, высокий уровень которого гарантирует выполнение необходимых задач в различных условиях обстановки.

Говоря о развитии РВиА, нельзя не отметить тех, кто внес существенный вклад в становление и развитие войск. Это генерал-майоры Руслан Шпекбаев и Лут Альчекенов, полковники Михаил Шлейко, Даурен Есхожин, Николай Мисюра, Гинияткали Шалабаев и Канат Айтжанов. Много сделали для разработки руководящих документов по стрельбе и управлению огнем, тактике артиллерии полковники Алибек Муки-

шов, Решат Ескендилов, Ермек Жимаилов, Александр Косолапов, Владимир Кан.

В ногу со временем

На сегодняшний день техника, стоящая на вооружении РВиА, соответствует реалиям времени и находится в боеготовом состоянии. За прошедшие десятилетия руководство Министерства обороны РК сделало много для переоснащения войск. В 1993 году ракетные войска Сухопутных войск осуществили перевооружение на высокоточный ракетный комплекс 9К79-1 «Точка-У», с 2003 года на вооружение ракетных войск Сухопутных войск была принята РСЗО 9К58 «Смерч».

Проводится активная работа по модернизации имеющихся и приобретению новых образцов вооружения и военной техники для РВиА. В 2015 на вооружение минометных подразделений поступили 82-мм минометы 2Б24 «Дева». Новые минометы позволяют вести огонь на 360 градусов, без остановки опорной плиты и более чем на 2 км дальше, чем стоявшие в них на вооружении раньше.

Большой мощью обладают 240-миллиметровые самоходные минометы «Тюльпан», которые были приняты на вооружение в 2005 году. В настоящее время в войсках проходят испытания модернизированных реактивных си-





стем залпового огня «КазГрад».

Кроме того, ведется плановая работа по разработке и внедрению автоматических систем управления (АСУ) огнем артиллерии. Преимущества АСУ заключаются в значительном сокращении времени на выполнение мероприятий подготовки стрельбы, в высокой точности определения установок для стрельбы.

В 2018 году проводились демонстрационные испытания и опытная войсковая эксплуатация мобильного программно-технического комплекса управления огнем артиллерийской батареи 122-мм гаубицы Д-30 (МПТК-А). В настоящее время совместно с отечественными предприятиями проводится работа по созданию автоматизированного программного комплекса управления огнем.

По инициативе ветеранской организации Медеуского района г.Алматы, при поддержке Министерства обороны и Министерства культуры и спорта, на базе Казахского Национального Педагогического университета имени Абая, накануне 75-ой годовщины Великой Победы была проведена читательская конференция по книге «Волоколамское шоссе». Главной целью конференции было – восстановить в памяти нынешнего поколения мужество и героизм казахстанцев при защите Москвы в октябре-ноябре 1941 года. В качестве эпиграфа конференции были использованы строки стихотворения поэта Бориса Слуцкого «Казахи под Можайском»:

С непривычки трудно на фронте,
А казаху труднее вдвойне:
С непривычки ко взводу, к роте
К танку, к пушке, ко всей войне.

Но врожденное чувство чести
Удержало казахов на месте.
В Подмоскovie, в большую пургу
Не сдавали рубеж врагу.

В конференции участвовали: представители Министерства обороны, Национальной гвардии, воины Алматинского гарнизона и учащиеся школ города Ал-

маты. К участникам конференции Герой труда Казахстана, народный писатель-фронтовик Нурпеисов Абдижамил Каримович, который хорошо знал Бауыржана Момышулы. В соответствии с программой конференции выступали учащиеся школ № 54 им. И.В. Панфилова, № 131 им. Б.Момышулы, военной школы «Жас улан» им. Б.Момышулы, курсанты военных учебных заведений. Их выступления, включавшие в себя и мини-спектакли, раскрывающие образы и облик героев книги, были содержательными и интересными. На конференции были продемонстрированы документальные кадры и художественный фильм «Бауыржан Момышулы». Ключевую роль в подготовке конференции сыграли руководство и молодые сотрудники ТОО «Издательство Книжный клуб Казахстана». Они оперативно издали и распространили книги на казахском и русском языках. Большую помощь организатором конференции оказал коллектив КазНПУ во главе с ректором Т.О. Балыкбаевым. Все это, по общему мнению участников, способствовало плодотворной работе конференции, которая приняла обращение о необходимости проведения подобных мероприятий во всех учебных заведениях и воинских коллективах страны, что способствовало бы становлению настоящего гражданина нашего Отечества.

Более 75 лет идет жесточайшее идеологическое противоборство не только в характеристике проведенных компаний и операций Второй мировой войны, но и в оценке вклада государств антигитлеровской коалиции в разгроме фашизма. И это противоборство обострилось после развала Советского Союза. Теперь бывшие союзники, признававшие решающую роль Красной Армии в достижении победы, стали грубо искажать факты, возвеличивать при этом роль своих государств и вооруженных сил. И эта фальсификация имеет конкретные цели – ввести в заблуждение молодое поколение бывшего Союза.

Кое-где убираются памятники, установленные Советским воинам-освободителям, а их место занимают те, кто пособничал фашистским поработителям. Не нравственное ли преступление это перед памятью тех, кто отдал свою жизнь за свободу и независимость, за мир и процветание нынешнего и грядущего поколений?!

Боевое братство людей разных национальностей и вероисповеданий, скрепленное кровью на поле битвы, титанический труд тружеников тыла республик бывшего Союза явились главным источником Победы. Рассказ об этом, продолжение этих славных традиций старшего поколения и есть та самая благородная задача, поставленная в программе «Казахстан-2050»

В заключение хотел бы заметить, что некоторые авторы называют Бауыржана Момышулы казахским Суворовым, Жуковым. Полагаю, такое сравнение не лучший способ признания многогранного таланта нашего Бауке. Совершенно неоспорим тот факт, что Бауыржан Момышулы – талантливый военачальник, одаренный военный писатель, философ и мыслитель оставил нам бесценное наследие, обогащающее теорию и практику военного дела, военную педагогику и военную психологию.

Колоссальный природный ум и беспредельная храбрость, неумная энергия и несгибаемая воля сделали его легендой при жизни. К сожалению, не всегда и не всем был понятен он в мирное время. Однако тысячу раз прав народный писатель Азильхан Нуршаихов, написавший, что Бауыржан Момышулы совершал подвиг все 1418 дней и ночей Великой Отечественной войны. Думаю, что Азеке высказал концентрированное мнение боевых саратников Бауке.

Бауыржан Момышулы подчеркивал: «Я полковник в запасе, но как гражданин, я всегда в строю». И он после преждевременного выхода в запас в 1955 году не сник и тем более не сломался, как предполагали его недруги! А ему тогда было всего 46 лет. Бауке написал замечательные книги, раскрывающие такие качества, как человечность, гражданственность и любовь к Отечеству. «Все это и есть второй подвиг Бауыржана», – отмечал фронтовой друг Бауке писатель Д.Ф. Снегин.

Полагаю, не будет ошибкой, если скажу, что Бауыржан Момышулы именно этим отличался от других героев той долгой и кровопролитной войны, выпавшей на долю старших поколений XX века. Его имя – символ мужества! Его имя – гордость народа!

Ким СЕРИКБАЕВ, заслуженный деятель Республики Казахстан, доктор военных наук, профессор



«АЛТЫН ЖЕБЕ-2020»

КЕШЕНДІ ТЕКСЕРІСІ

Мақсаты: кәсіби біліктілік пен жауынгерлік әзірлікке баға беру

«Алтын жебе» кешенді тексерісі 2016 жылдан бері үздіксіз өткізіліп келеді. Оның барысында әскери бөлімдер мен құрылымдар жауынгерлік әзірліктің жоғары деңгейіне келтіріліп, белгіленген ауданға маршты жүзеге асыруда жергілікті мекенді бағдарлау қабілеттілігі мен төзімділігі, күндіз және түнде оқу-жаттығу тапсырмаларын орындау дәрежесі, құрылымдардың моральдық-жауынгерлік қасиеттері тексеріледі. Жеке құрам алда тұрған жауынгерлік тапсырманы алдын ала білмейді, жаттығудың артықшылығы да сол. Соған қарамастан көкте де, жерде де кез келген міндетті орындауға әзір. Бұл арнайы операциялар күштерінің құрамына кіретін әскери бөлімдердің жоғары жауынгерлік әзірлігін білдірсе керек. Биыл да армиялық авиация мен артиллерияны дәлдеудегі ептілік, қарсыластың диверсиялық-барлау топтарымен күрес, күндіз және түнгі уақытта армиялық тактикалық ату жаттығуларын орындау, миналық жару ісі, радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс, қоян-қолтық ұрыс әдістерін орындау басты назарда болды. Әскери қызметшілер тактикалық-арнайы, инженерлік, әскери-медициналық дайындық пәндері бойынша сынақтан өтті. Радио-даярлық және әскери топография бойынша нормативтер тапсырып, дене төзімділігі мен моральдық-психологиялық жағынан да тексерілді. Мәселен, барлық деңгейдегі әскерилердің кәсіби біліктілігі мен далалық машығының деңгейін арттыратын кешенді тексерістің алғашқы кезеңінде «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы 44736 әскери бөлімінің 300-ден астам әскери қызметшісі жауынгерлік дабылмен көтеріліп, түнгі уақытта белгіленген жауынгерлік ауданға 10 шақырымдық маршты жүзеге

Журналымыздың осы санында еліміздегі Қарулы Күштердің арнайы операциялар компоненттерінің жауынгерлік әзірлігін және белгіленген уақытта жауынгерлік тапсырманы орындау қабілеттілігін тексерістен өткізген «Алтын жебе – 2020» сайысына қатысты арнайы репортаж әзірледік. Жуырда аяқталған бұл жауынгерлік тексеріс қалай өтті, алған тәжірибеміз қандай және басқа да жағдайларға кеңірек тоқталатын боламыз. Аталмыш кешенді тексерістің барысын ҚР Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР ҚК Бас штабы бастығы генерал-лейтенант Мұрат Бектановтың өзі бақылаған болатын.

асырды. Тексерістің негізгі кезеңін орындау барысында құрылымдар торылдауға қатысты. Армиялық авиацияны бағыттау және ұрыс қимылдарын жүргізудің бірден-бір тәсілі болып саналатын артиллериялық атысты

дәлдеу бойынша нормативтерді орындады. Тексерістің бұл кезеңі арнайы атыс міндеттерін атқарумен аяқталды. Әскердің қимыл-әрекеті жаңа үлгідегі радиотехникалық құралдар және ұшқышсыз ұшу аппараттарын қолдану





арқылы бақыланды.

Жаңалығы: армиялық тактикалық атыс жаттығулары

ҚР Қорғаныс министрінің тапсырмасымен әскери қызметшілердің түрлі жағдайдағы ату машығын арттыру мақсатында жауынгерлік әзірлік бағдарламасына енгізілген армиялық тактикалық атыс жаттығулары «Алтын жебе – 2020» барысында пысықталды.

Армиялық тактикалық атыс дегеніміз не? Алдымен аз-кем мағлұмат бере кетейік. Армиялық тактикалық атыс – спорттың жаңа әскери-қолданбалы түрі. Жауынгерлік дайындықтың ажырамас бөлшегі саналады. Армиялық тактикалық атыстың бірегейлігі – атыс қаруының және суық қарудың бірнеше түрлерін, сондай-ақ, қоян-қолтық ұрыс элементтерін бір жаттығуда кешенді қолдануда. Яғни, кез келген қару түрін күрделі әрі бөгде жағдайда пайдаланудың шеберлігін жетілдіру үшін үйренушіден де, оның нұсқаушысынан да даярлықтың жоғары деңгейі қажет етіледі. Жаттығуды орындаудың дәрежесін «Шығыс» полигонында 44736 әскери бөлімінің жауынгерлері күндіз де, түнде де көрсетті. Түрлі қашықтықтағы қозғалыстағы немесе қозғалыссыз нысаналарды көздеп, тасадан тұрып, жатып, отырып, тұрып, тізерлеп және тіреп



атты.

Атысқа классикалық дайындалуға немесе автоматты, пулеметті, винтовканы, тапаншаны классикалық ұстап қалуға уақыт жоқ. Оқ мейлің ең ыңғайсыз орыннан атылса да, нысанаға дәл тиюі керек. Қазір ұрыстың мазмұны мен келбетіне ғана емес, әрбір әскери қызметшінің жауынгерлік жағдайдағы қимыл-қозғалысына, от жүргізудегі жеке шеберлігіне деген көзқарас өзгеріп келеді. Соған сәйкес армиялық тактикалық атыс әдістемесі әскерилерге жоғары талаптар қояды.

Нәтижесі: тағы бір мәрте кәсіби шеберлік дәлелденді

Әлгінде атап өткен Семей гарнизонының 44736 әскери бөлімі 2017 жылы «Алтын жебе» кешенді тексеруінің қорытындысы бойынша екінші орынды иеленген. ҚР Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР ҚК Бас штабы бастығының «Кешенді тексерісті ұйымдастыру және өткізу туралы» бұйрығының негізінде 2020 жылдың 1-3 қазан күндері тексеріс жүргізіліп, қорытындысында ҚР ҚК арнайы операциялар Күштері әскери бөлімдерінің арасында үздік нәтиже көрсетті. Бірінші орынды иеленіп, жеңіске жеткен жеке құрам ынта-жігері мен бастамашылдығы үшін құрметке бөленді. Лейтенант А.Ақмалхан, аға сержант Т.Шәкіров, аға сержант А.Иданов, сержант Е.Жұматаев, кіші сержант М.Көшеров, сержант Р.Өткелбаев, сержант А.Әкішев, кіші сержант А.Алтынбеков, сержант Д.Орыспаев, 3-ші сынып сержанты Н.Жәлелов, ефрейтор Д.Сайлауғалиев, ефрейтор А.Шаймарданов, ефрейтор О.Нұрсиллаев, ефрейтор М.Орынғазы, сержант С.Садыханов, сержант М.Түсіпжанов, сержант Ж.Баяжанов, ҚР ҚК қызметкері А.Мұхатаев, ефрейтор А.Сыздықов, сержант Р.Коджибаев, кіші сержант Д.Нұрқасымов, аға сержант Ш.Дауылбаев, ефрейтор А.Әлиханов және қатардағы Н.Мальтекбаев пен қатардағы Н.Советханов алғыс алды. «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлері қолбасшысының мақтау



грамотасымен подполковник В.Подгайченко, майор И.Костюченко, майор Р.Мұқашев, аға лейтенант Р.Сәкім, аға лейтенант О.Сатыбалдинов, 3-ші сынып сержанты Р.Сейітмамұтов, аға сержант А.Шурыгин, сержант А.Жәкенов, ефрейтор Ә.Мақсұтқан, қатардағы Е.Қазыбеков, ефрейтор Т.Бекболатов және ефрейтор Д.Түндеханов марапатталды. Ефрейтор Р.Екешовке, ефрейтор Р.Тұрарбековке, қатардағы Б.Орашқа, майор Б.Бохаевқа, лейтенант Қ.Қамбарбекке, 3-ші сынып сержанты М.Жаналиновке, аға сержант Т.Шәкіровке қол сағаттары табыс етілді. Ал, барлау роталары арасында бірінші орынға арнайы мақсаттағы (амфибиялық) барлау ротасы ие болды. Әрине, тек еңбекпен, шын ынтамен тындырылған жұмыс қана зор нәтиже береді.

Майор Берік БОХАЕВ, арнайы мақсаттағы (амфибиялық) барлау



тен де болар, дайындық барысында көптеген қиындықтар болды. Дегенмен, рота сынақтардан еш сүрінбей өтті. Сайыстың жалпы қорытындысы бойынша жеке құрамның жауынгерлік машығы мен шеберлігіне және кәсіби амалдар мен қимыл-әрекеттерді орындаудың деңгейіне жоғары

найы ату жаттығуын ефрейтор Рустам Тұрарбеков бір минутта орындап, 48 оқтан 28 оқты үнемдеді. Озат атанды. Топография дайындығынан ефрейтор Мадияр Орынғазы №3 норматив бойынша өте жоғары нәтижеге қол жеткізді».

Аға сержант Серікбол КЕНЕМБАЕВ, амфибиялық 2-ші барлау тобының сержанты:

«Алтын жебе» – тактикалық жағынан күрделі, көп сатылы сайыс. Барлаушылардан төзімділік пен шыдамдылықты талап етеді. Биыл үшінші жыл қатарынан қатысып, мол тәжірибе жинақтап келемін. Түнгі траверстер, таулы жердегі марш, көзделген нүктеге шығып, атыс жаттығуын орындауға көп күш-қайрат қажет. Мысалы, әскери топография, радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс, қоян-қолтық ұрыс, мина жару және байланыс дайындықтары, нысанаға пышақ және күрек лақтыру, түнгі уақыттағы атыс жаттығулары былтырғыдан күрделі болды. Қалай десек те, күнделікті оқу-жаттығулар, атыс дайындығы, маршрутты жүзеге асыру өз жемісін беретіні сөзсіз. «Берекені көктен тілеме, еткен еңбектен тіле» дейді қазақ. Тек еңбекпен ғана қиындықтарды жеңесің. Еңбек, тәртіп, жаттығу – барлаушыны шыңдайтын міне, осылар. «Алтын жебеде» шеберлігімізді шыңдап қана қоймай, кедергілерді табандылықпен жеңе отырып, өз мақсатымызға жеттік».



ротасының командирі:

«Биылғы «Алтын жебе» бірқатар өзгерістерімен ерекшеленді. Әрбір әскери қызметші өз мамандығы бойынша арнайы тактикалық дайындықтан, армиялық қоян-қолтық ұрыс тәсілдерінен, күрек және пышақты 4 метрге лақтырудан нормативтер тапсырды. Атыс даярлығына армиялық тактикалық атыстың 1-ші, 2-ші, 3-ші, 4-ші жаттығулары биылғы жылдың басында енгізілді. Сол себеп-

баға берілді. Бірінші орынды ұтып алуымызға кәсібилігімен үлес қосқан әрбір әскери қызметшінің жетістігі мақтауға лайық. Ефрейтор Қанатбек Саятбеков пен ефрейтор Нұрым Шыңғысханұлы радиотелефоншылар арасында ең үздік көрсеткіш көрсетіп, топты жарды. Жеке құрам қоян-қолтық ұрыс тәсілдерін меңгеруден алдына жан салмады, өте жақсы бағаға тапсырды. Атыс даярлығынан да өзге роталардан оза шапты. Пулеметтен ар-

Подполковник Азамат ӘБІКЕНОВ, 44736 әскери бөлімінің командирі:

«Жеке құрамды «Алтын жебе – 2020» кешенді тексерісіне әзірлеу барысын-



үйреніп, берілген тапсырманы орындаудағы дайындығының деңгейі еседі. Денеге түскен ауыр салмаққа және психологиялық ауыртпалыққа төзе білудің қабілеті де жан-жақты жетіледі. Жалпы алғанда, әскердегі кез келген жарыс – бұл жеке құрамның әскери және кәсіби шеберлігін одан әрі жетілдірудің, әскери құрылымдардың өзара береке-бірлігін пысықтаудың жолы. Оқу-жаттығулардың қай-қайсысы болмасын әскерилерді үздіксіз барлау жасауға, әскери техника мен қару-жарақ және қорғаныс құралдары мен маскировка жасауды шебер қолдануға, жауынгерлік қимылдардың элементтерін одан әрі жетілдіруге, жоғары деңгейдегі ширақтық пен ұйымшылдыққа, тәртіп

да тактикалық атыстың әдіс-тәсілдерін жан-жақты меңгеруге, дене төзімділігін арттыруға, қоян-қолтық ұрыстың тәсілдерін жетік білуге, пышақты және жау



пен ауызбіршілікке үйретеді. Ал, қазіргі соғыс пен қарулы қақтығыстардың түр-сипатына сай жауынгерлік қабілеттілікті арттыру – уақыттың талабы. Ел Президенті – ҚР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы, ҚР Қорғаныс министрі, Бас штаб бастығы және Құрлық әскерлері Бас қолбасшысы бекіткен әскери жүйенің барлық саласын, әсіресе әлеуметтік, материалды-техникалық қамтамасыз ету саласын жетілдіру жөніндегі шаралар шын мәнісінде еліміздің Қарулы Күштерінің имиджін көтеріп, әскери қызметтің абыройы мен беделін арттырады. Әскери қызметшілердің басты мақсат-мұраты – кәсіби біліктілікпен, жоғары тәртіппен және сенімді жауынгерлік әзірлікпен қамтамасыз ету.

Алуа СӘКЕНҚЫЗЫ
«ШЫҒЫС» өңірлік қолбасшылығы



әскердің кішкентай күрегін қашықтыққа лақтыру міндеттерін дұрыс орындауға, маршрутты жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінді. Басқарма офицерлері мен нұсқаушылардың көмегімен даярлықтың санынан гөрі сапасына ден қойылды. Әсіресе армиялық тактикалық атыс жаттығуларын қысқа мерзімде өте жақсы меңгердік. Соның нәтижесінде біздің әскери бөлім ҚР ҚК арнайы операциялар Күштері әскери бөлімдерінің арасында үздік атанды. Менің ойымша, мұндай жаттығулар әскерилердің бойында жоғары моралды-психологиялық тұрақтылық, батылдық, табандылық, бейімділік, ептілік секілді жауынгерлік қасиеттерді қалыптастырады. Әскери қызметшілер қазіргі заманның ұрыс жағдайларына бейімделеді, төселеді. Жауынгерлікке жақын күрделі жағдайға



БЕСПИЛОТНЫЕ «ЗАЩИТНИКИ»

Появление беспилотных летательных аппаратов произвело настоящую «революцию» в применении войск и вооружения. Сегодня они широко используются как в вооруженных конфликтах, так и для обеспечения безопасности мероприятий. Этот вид вооружения активно используется и в казахстанской армии


БПЛА Skylark I-CE - разведывательный беспилотный летательный аппарат

**Основные
технические
характеристики:**

**Максимальная
взлетная масса –
7,5 кг.**

**Тип двигателя –
электрический**

**Силовая установка –
электродвигатель**



Летные характеристики



**Практический
потолок – 5000
метров.**



**Расстояние
эффективного
использования –
20–40 км.**



**Время
нахождения в
воздухе – до 180
минут.**



**Максимальная
полезная
нагрузка –
1,1 кг.**



Wing Loong разведывательно-ударный беспилотный летательный аппарат




Вооружение:

• Управляемые авиационные бомбы – FT-10, FT-9, GB-7, GB-4.



• Ракеты – BRM1, АКD-10.



Возможности:

Wing Loong способен выполнять разные виды заданий:

- способен дистанционно наносить точечные ракетные удары по объектам потенциального противника
- способен уничтожать бронетехнику и бетонированные сооружения.

Максимальная высота полета: (тыс. м)



Дальность (км)



Масса (кг)



- Максимальная полезная нагрузка 200 кг
- Максимальный взлётный вес: 1100 кг.

Скорость (км/ч)



Максимальная – 280



- Автономность – 20 часов (3 тыс. км)

ОТАНДЫ ҚОРҒАУ – ЕР ПАРЫЗЫ

Бүгінде ел аумағындағы қорғаныс істері жөніндегі жергілікті басқару органдары қызметінде қарбалас шақ. Себебі, мұнда ел азаматтарын Қазақстанның Қарулы Күштеріне және басқа да әскери құрылымдарға мерзімді әскери қызметке шақыру науқаны белсенді түрде жүріп жатыр. Мерзімді әскери қызметке шақырылушылар Қарулы Күштер қатарын, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, Мемлекеттік күзет және Ішкі істер министрлігінің Ұлттық ұлан гвардиясының қатарын толықтыруда. Ендеше, ел әскеріндегі бұл елеулі үрдіс жайында кеңірек тоқтала кетейік.

Жоспарлы түрде ұйымдастырылуда

Бәрімізге аян, Қазақстан Республикасы Президенттің Жарлығы және Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі» туралы Заңына сәйкес әскерге жарамды 18-27 жас аралығындағы кез келген Қазақстан азаматы мерзімді әскери қызметті өткеруге міндетті.

Осы орайда ел азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу медициналық комиссиялар мен жергілікті атқарушы органдарға жүктелген.

Қазір Қазақстанның аумағында осы іс қолға алынғалы біршама уақыт болды. Қыркүйектің басынан басталған бұл науқан әр аймақта тиісінше атқарылып жатыр. Соған тоқталалық.

Елордасы болып саналатын Нұр-Сұлтан қаласының қорғаныс істері жөніндегі департаменті әдеттегідей күзгі науқанға бел шеше кірісті. Штаб бастығы полковник Айдын Сағынбеков: «Күзгі әскерге шақыру науқаны қыркүйек айынан бастап желтоқсан айының аяғына дейін жүргізілетінін білесіздер. Қарулы Күштеріміз озық технология және заманауи техникамен кеңінен жабдықталуда. Сол себепті әскер қатарын жас сарбаздармен толықтыруды сапалы жүргізуге аса көңіл бөлудеміз», - дейді.

Оның айтуынша, әскерге шақыру кезінде санитарлық-гигиеналық талаптарға ерекше назар аударылған. «Әскери командаларды жасақтау кезінде пандемияның алдын алу шараларының барлығы қатаң қолданылып, әлеуметтік қашықтық сақталуда. Сақтану шаралары көктемгі әскерге шақыру науқаны кезінде де іске асырылған. Сондықтан тәжірибеміз бар деп нық сеніммен айта аламыз», - дейді Айдын Сағынбеков.

Көкшетауда да қарбалас шақ. Қазіргі кезде Көкшетау қаласы бойынша қалалық әскери медициналық тексерістен біршама болашақ сарбаз өткен.

Әрине, санитарлық талаптарға сәйкес олардың білім деңгейі, денсаулығы мен физикалық дайындығы, моральдық-психологиялық жағдайы мұқият тексерілуде. Соның бірі – әскерге шақырылушы Әділ Амангелдиев: «Әскерге шақыру комиссиясынан өттім. Денсаулығым мықты. Енді мен шекара қызметіне барайын деп жатырмын. Әр азамат әскери борышын атқару керек», - дегенді айтты.

Бәріміз білеміз, жастардың денсаулығы бұл орайда жіті қадағаланады. Денсаулығы жарамдылар ғана өз борышын өтей алады. Осы орайда білікті маман-дәрігерлер өз жұмысын тиянақты атқарып





жатқандығы айғақ. Жұмыстары жөнінде медициналық комиссияның төрағасы Уақыт Бейсембаев: «Болашақ сарбаздардың денсаулығын тексеру қалыпты жағдайда өтіп жатыр. Комиссия құрамындағы 9 дәрігер шақырылушылардың денсаулығын тексеруде», - дейді.

Жалпы биыл Ақмола облысы бойынша 800 сарбазды әскерге шақыру жоспарланған. Олар әскери-медициналық бақылаудан өткеннен кейін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскери құралымдарындағы бөлімдерде Отан алдындағы борышын өтей алады.

Ақтөбелік жастардың да қаншалықты әскерге жарамдылығы тексеріс барысында анықталып жатыр. Дәрігерлердің айтуынша, бұрын бойы қысқа, майтабан, омыртқасы қисық жігіттер көп болса, қазір бозбалаларда гастрит, асқазан жарасы, көзінің нашар көруі сынды аурулар жиілеп кеткен. Олар бұған жастардың дұрыс тамақтанбауы себеп дейді.

Жалпы Ақтөбеден 350 бозбала Отан алдындағы борышын өтеуі тиіс. Оның 100-ге жуығы Қарулы Күштер сапына алынса, қалғандары Қорғаныс министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне қабылданады.

Атырау алқабы да бұл істен тысқары қалмады. Мұнда табанды түрде әскерге барғысы келген жастар дегеніне жетіп, борышын өтеуге әзір тұр. Олардың арасында Атырау қаласының тұрғыны Ерасыл Табылды да бар. Ол биыл колледж бітірген.

«Біздің әулеттегі азаматтардың бәрі әскер қатарында болған. Сондықтан, мен де әскерге баруға бала кезімнен дайындалған едім. Әскердегі бір жылдың ішінде нағыз азамат ретінде шыңдалатыныма сенімдімін», - дейді болашақ сарбаз Ерасыл Табылды.

Ал мұндағы науқан барысы жөнінде Атырау облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары – жасақтау басқармасының бастығы майор Айдос Аманғалиев былай дейді: «Әскерге шақырылушыларды әскери бөлімдерге жөнелту алдында міндетті түрде ПТР-тест әдісімен коронавирусқа қарсы зертханалық зерттеу жүргізіледі. Бөлімге келгеннен кейін жас толым екі



апталық карантинге орналастырылады. Сондай-ақ медициналық тексеру жүргізіліп, әскерге шақырылушының әлеуметтік-психологиялық мәртебесі белгіленеді».

Оның айтуынша, әскерге шақырылушыларды іріктеу мен бөлудің барысында денсаулық жағдайы, олардың әскерге шақырылғанға дейін алған мамандығы ескеріледі. Физикалық дайындығы жоғары, моральдық және психологиялық тұрғыдан төзімді жастар Теңіз жаяу әскерлерінің, Десанттық-шабуылдаушы әскерлері мен Әскери-теңіз күштерінің бөлімшелеріне бара алады. Жалпы Атырауда күзгі әскерге шақыру науқаны аясында 700-ге жуық жасты әскерге шақыру жоспарланып отыр.

Сол сияқты Алматыда 1,5 мыңға жуық адамды мерзімді әскери қызметке шақыру жоспарланып отыр. Қаланың қорғаныс істері жөніндегі департаменті басшысы полковник Амантай Өсербаевтың айтуынша, биылғы медициналық комиссия құрамына инфекциялистер дәрігер енген екен.

«Инфекционист дәрігер әскерге шақырылғандарда коронавирустың қандай да бір белгілері бар-жоғын анықтайды. Сондай-ақ әңгімелесіп, байланыста болғандардың қатарында емес пе екенін түсінеді. Кез келген күдік туындаған жағдайда медициналық комиссиядан өту тоқтатылады. Сондай-ақ, барлығының дене қызуы өлшенуде. Қашықтық пен маска тағу режимі де сақталуда. Сонымен қатар, әскерге ат-

танар алдында оларды ПТР-тестілеуден өткіземіз», - деді А.Өсербаев.

Осы (Алматы облысы) облыс көлемінде Талдықорған қаласы «ә» дегеннен іске кірісіп, оқ бойы озық көрінді. Әрине, мұндай жетістік – басшының біліктілігі мен тәжірибесінің жемісі.

«Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде жылына екі рет жүргізіледі. Әскери қызмет және Қазақстан Республикасын қорғау – әр азаматтың парызы мен міндеті. 18 жастан 27 жасқа дейінгі, әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе әскерге шақырылудан босатылуға құқығы жоқ азаматтар Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтау үшін қажетті санында мерзімді әскери қызметке шақырылуға жатады.

Науқанның іске асырылуына келсек, облыс бойынша Талдықорған қаласы жоспарды орындаудан биыл да алда келеді. Үстіміздегі жылы Талдықорған бойынша 300-ден астам бозбаланы азаматтық борышын өтеуге жіберуді көздеп отырмыз», - дейді Алматы облысы, Талдықорған қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығы полковник Ерен Оқасұлы.

Шымкентте де жоспар ойдағыдай іске асырылып жатыр. Қалалық қорғаныс істері жөніндегі департаменті мамандарының мәліметінше,

барлық іс-шара санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып ұйымдастырылуда.

«ҚР «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңына сәйкес азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз етудің барлық түрлері жергілікті әкімдіктерге жүктелген. Әскерге шақырылушылар да, медициналық комиссия мүшелері де бетперделермен және антибактериялық құралдармен қамтамасыз етілген. Ал Қорғаныс министрлігі жергілікті әскери басқару органдарының қызметкерлерін қорғау жұмысын атқарып, дезинфекциялау құралдарымен қамтамасыз етуде. Жиын пункттерінде қажет санитарлық жағдайларды қамтамасыз ету жоспары әзірленіп, әскерге шақырылушылардан суық тию ауруларына тән симптомдар анықталған кездегі іс-әрекеттер қарастырылған», - дейді Шымкент қаласы қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары Ринат Мадьяров.

Жалпы, бұл өңір бойынша биылғы күзгі науқан барысында 700-ден астам жас азаматты мерзімді әскери қызметке шақыру жоспарланып отыр. Әскерге спортшыларға артықшылық беріліп, IT-мамандар, жүргізушілер, байланысшылар, музыканттар және басқа да көптеген мамандардың қажеттілігі де ескерілуде.

Алғашқы лектері аттанды

Бүгінде денсаулығы жарамды,

мықты дегендер іріктелді. Олардың бірқатары Отан алдындағы міндетін өтеуге аттанып та жатыр. Мәселен, күзгі әскери науқанның алғашқы легі Нұр-Сұлтаннан ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне аттанды.

Әскерге шақырылушылар ант қабылдағаннан кейін Қазақстанның шығысындағы мемлекеттік шекараны күзететін болады. 2020 жылғы күзгі шақырудың ерекшеліктері туралы Нұр-Сұлтан қаласының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің штаб бастығы, полковник Айдын Сағынбеков айтып берді.

«Болашақ сарбаздарға үлкен талаптар қойылады. Біз әскери бөлімдерді сапалы жасақтауға ерекше көңіл бөлеміз. Әскерге шақырылушының физикалық жағдайы мен денсаулығы ғана емес, психологиялық дайындығы мен білім деңгейі де тексеріледі», - дейді Айдын Сағынбеков.

Айта кетейік, әскерге шақырылушылардың ата-аналары мен жақын туыстары шығарып салу кезінде санитарлық нормаларды қатаң сақтауда.

Сол сияқты Атыраудан 100 жас оңтүстік өңірдегі Гвардейск елді мекеніндегі әскери бөлімде қызмет етуге аттанды. Күзгі әскерге шақыру науқаны кезінде Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдеріне жас сарбаздардың алғашқы легін аттанды-



ру Атырау облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті жанындағы жинақтау пунктінде өтті. Медициналық комиссиядан өтіп, әскери киімдерін қолға ұстаған 100 болашақ сарбаздың жартысы әскери бөлімге жіберілді. Бастапқы уақытта шақырылатын жастардың негізгі бөлігі Отар гарнизонында қызмет етеді.

«Біздің облыста әскерге шақыру жұмыстары қызу жүріп жатыр. ҰҚК Шекара қызметінің әскери бөлімдерін жасақтау жоспары толықтай орындалды. Ендігі кезекте Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдерін жасақтауды бастадық. Бүгінгі күні 50 адам әскери бөлімге жіберіліп, тағы да 50 азамат аттанғалы жатыр. Біздің облыстан ҰҚК Шекара қызметінің әскери бөлімдерін жасақтау жоспары толықтай орындалды», - дейді Атырау облысы қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары капитан Жасұлан Сатбалдиев.

Ал Солтүстік Қазақстан облысында күзгі әскерге шақыру науқаны аясында алғашқы лек ретінде 31 жігіт Шығыс Қазақстан облысына, ҚР ҰҚК Шекара қызметіне борышын өтеуге аттанды.

Биыл күзде СҚО-дан әскер қатарына 500-ден астам адам аттануы тиіс. Қазір аудандық, облыстық комиссиялар жұмыс істеп, болашақ сарбаздарды іріктеп жатыр. Алғашқы топ – 31 адам Шығыс Қазақстан облысына, Күршімге жөнелтілді. Олар психологиялық тест тапсырып, жаңа талап бойынша әрқайсысы міндетті түрде ПЦР сарапта-





мадан өтіп, коронавирус инфекциясына тексерілді.

«ҚР Бас санитария дәрігерінің қаулысына сәйкес әскер қатарына алынушылар коронавирус инфекциясына тексерілді. Яғни аудандық, облыстық комиссиялардан өткен әскерге шақырылушы пойызға отырдан екі тәулік бұрын ПЦР зерттеуден өтеді. Инфекция табылмаған жағдайда жолға шығады. Ал әскери бөлімге жеткеннен кейін екі апта карантинде отырып, қайта сараптама тапсырады», - дейді СҚО Қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары – жабдықтау басқармасының бастығы Марат Каримов.

Көктемде өңірден 495 жігіт әскерге шақырылды. Биылғы іріктеуде Отан алдындағы борышын өтеуден жалтарғандар болмаған. Департамент бастығының орынбасары Марат Каримовтың айтуынша, жастар әскерге барудың қажеттігін түсінген. Оларға жұмысқа орналасуда жеңілдіктер бар, сондай-ақ келісімшарт бойынша әскери қызметті жалғастыруға болады.

Солтүстікқазақстандық болашақ сарбаздар биыл жыл соңына дейін Қарулы Күштер, ҰҚК Шекара қызметі мен Ұлттық ұланда әскер қатарын толықтырмақ.

Сондай-ақ Қарағанды облысынан ҚР Қарулы Күштерінің жедел қызметіне

күзгі шақырудың алғашқы 30 жігіті аттанған екен. Негізі облыстан барлығы 1 300-ден астам адамды шақыру көзделген. Қарағанды облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары, полковник Рустам Жалбынов: «Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін әрбір әскери қызметші кепілдендірілген әлеуметтік пакетпен келісімшарт бойынша қызметін жалғастыра алады. Бұл пакетке тұрғын үймен қамтамасыз ету, қызметшіге тегін медициналық қызмет көрсету кіреді және оның отбасы мүшелеріне балабақшада кезектен тыс орын беру және т.б. қарастырылады», - дейді.

Қызылорда гарнизонында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне күзгі науқандағы мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстары жалғасуда.

Шақырылым жұмыстары санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен нормаларды сақтай отырып жүзеге асырылуда.

Осы жылы Қызылорда облысынан 800-ге жуық жасты әскерге аттандыру жоспарланған. Ал, қазіргі таңда 450-ге жуық бозбала әскерге аттанып та үлгерді. Әскер қатарына дене дайындығы жақсы, психологиялық тест нәтижелері жоғары жастар алынауда.

Шақырылушыларға

әскери

бөлімдерге жіберілместен бұрын ПТР-тесті әдісі арқылы зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Мерзімді әскери қызметке шақыру медициналық комиссиялардың тікелей қатысуымен өтуде. Таңдау барысында жастардың мамандығы мен денсаулығына мән беріледі. Қарулы Күштердің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының қатарын толықтыруға ниет білдірушілер саны көбеюде.

«Сыр елінің азаматтары Отан алдындағы борыштарын өтеуге белсенділік танытуда. Күзгі әскерге шақыру науқаны осы жылдың желтоқсан айының аяғына дейін жалғасады», - дейді Қызылорда облысы қорғаныс істері жөніндегі департаменті жасақтау басқармасының мерзімді әскери қызметке шақыру бөлімінің бастығы, майор Нұржан Мелдебеков.


Р.С. Иә, қазір бұл науқанның бел ортасында тұрмыз. Күзгі әскери шақырылым 31 желтоқсанға дейін жалғасады. Жалпы Отанды қорғауға биыл 17 мыңнан астам ерлерді әскерге тарту көзделіп отыр. Оның ішінде 6700 жас сарбаз Қарулы Күштерге, қалғандары Шекара қызметі мен Ұлттық ұланға қызмет етуге аттанбақ.

Рима ӘБЕУОВА



К НОВЫМ ЗНАНИЯМ И КОНКРЕТНЫМ РЕЗУЛЬТАТАМ

Национальный университет обороны имени Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы является не только ведущей образовательной, но и военно-научной организацией



С началом учебного года университет приступил к реализации Плана научной работы на 2020-2021 учебный год, который включает более 40 научно-исследовательских работ фундаментальной и прикладной направленности. Исследования выполняются по заказу структурных подразделений Министерства обороны и Генерального штаба ВС РК. Основные результаты будут опубликованы в отечественных и зарубежных научных изданиях.

Следует подчеркнуть, что научные сотрудники и профессорско-преподавательский состав ВУЗа повышают публикационную активность, в том числе за счет размещения основных

результатов исследований в авторитетных цитируемых зарубежных журналах, входящих в международные библиографические и реферативные базы Scopus и Web of Science.

Одной из форм организации научной деятельности является проведение конференций и «круглых столов», в ходе которых обсуждаются наиболее актуальные проблемы и вопросы военного дела, военного строительства, военного искусства и других направлений.

В условиях пандемии университет перешел на дистанционную форму проведения научных форумов. С одной стороны это позволяет привлечь широкий круг заинтересо-

ванных участников из различных регионов страны, а также зарубежных экспертов, с другой стороны – это возможность апробации и внедрения в практику новых средств коммуникации. Руководство Министерства обороны и Вооруженных Сил активно принимают участие в подобных мероприятиях.

Так, в начале октября первый заместитель Министра обороны – начальник Генерального штаба генерал-лейтенант Мурат Бектанов обратился с приветственным словом к участникам международной научно-практической онлайн конференции, посвященной вопросам геоинформационному обеспечению военной органи-



зации государства. В конференции приняли участие руководство Аэрокосмического комитета Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности, представители казахстанских и зарубежных ВУЗов, организаций и

предприятий картографо-геодезической отрасли.

Начальник Национального университета обороны генерал-лейтенант Султан Камалетдинов в своем выступлении отметил, что «интеграция образования, науки и производства

позволяет адаптироваться к быстро меняющимся реалиям времени, а сотрудничество рассматривается как преимущество и становится более плодотворным, чем конкуренция, поскольку достигнутый совместными усилиями результат может обеспечить импульс для развития как технологий, так и теории».

Заместитель Министра обороны генерал-лейтенант Тимур Дандыбаев принял участие и выступил в рамках международной конференции: «Современное состояние и перспективы развития БПЛА в Республике Казахстан», прошедшей в конце сентября текущего года.

В текущем году Университет завершает большую работу в рамках проектов и программ грантового и программно-целевого финансирования, в настоящее время исследовательские группы осуществляют сдачу научных результатов в Государственный центр научно-технической экспертизы и в Комитет науки МОН, как непосредственному заказчику.

Важным аспектом научной деятельности является подготовка во-





енно-научных кадров, которая осуществляется в университете по трем направлениям: «Военное искусство», «Военная история» и «Вооружение и военная техника». Следует подчеркнуть, что НУО, имея особый статус, с текущего года обладает правом самостоятельного присуждения степени доктора философии (PhD) по профилю и выдачи дипломов собственного образца. В сентябре со-

стоялось первое заседание Диссертационного совета в новом формате, по результатам которого присуждена степень доктора философии (PhD) генерал-полковнику в отставке Жасузакову С.А. и полковнику Алимкулову С.А.

Необходимо отметить, что каждый обучаемый в Университете магистрант выполняет магистерский проект, который представляет собой

самостоятельное исследование, содержащее теоретические или экспериментальные результаты и решающие прикладные задачи. Темы проектов согласовываются с Генеральным штабом.

Неотъемлемой частью научной деятельности рассматривается научно-издательская деятельность. В Университете издается два журнала, рекомендованных Комитетом по контролю в сфере образования и науки МОН РК – это «Бағдар» и «Хабаршысы ҰҚУ – Вестник НУО». В текущем году проведена большая работа по повышению требований к качеству публикуемого контента, что позволило журналу «Бағдар» войти в казахстанскую базу цитирования. Журнал размещается на сайте университета и доступен для широкого круга читателей.

Таким образом, деятельность Национального университета обороны органично сочетает в себе образовательный процесс и научную работу, ориентированную на получение новых знаний и конкретных результатов.





Ұлы дала әскері - Тәуелсіздік тірегі!



2020

АЙБЫН

Республиканский военно-
аналитический журнал